



УАҚЫТ ТЫНЫСЫ

Пульс времени

ҮРЖАР АУДАНЫНЫҢ ҚОҒАМДЫҚ - САЯСИ ГАЗЕТІ

ГАЗЕТ 1934 ЖЫЛДАН БАСТАП ШЫҒАДЫ

№ 19 (7666) БЕЙСЕНБІ 28 МАМЫР 2026 ЖЫЛ

ОБЛЫС

Облыс әкімі Францияның елшісімен кездесті

Аймақ басшысы Берік Уәли Францияның Қазақстандағы Төтенше және өкілетті елшісі Сильван Гиогемен кездесті.

Кездесу барысында облыс әкімі өңірдің әлеуетіне, инвестициялық, туристік, аграрлық мүмкіндіктеріне тоқталып, аймақта шетелдік инвесторлар үшін қолайлы жағдай жасалғанын айтып, француз компанияларын бірлескен жобаларды жүзеге асыруға шақырды.

Сонымен қатар кездесуде су шаруашылығы мен гидроэнергетика саласындағы ынтымақтастық мәселелері де қозғалды. Француздық тарап су ресурстарын тиімді пайдалану, заманауи технологияларды енгізу және шағын су электр станциялары бағытында байланыс орнатуға мүдделі екенін жеткізді.

Аймақ басшысы елшіге өңірге арнайы келгені үшін алғыс білдіріп, облыс әкімдігі барлық салада бірлесе жұмыс істеуге дайын екенін айтты.

«Қазақстан мен Франция арасындағы ынтымақтастық соңғы жылдары жаңа сапалы деңгейге көтерілді. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың Францияға ресми сапары және Франция Пре-



зиденті Эмманюэль Макронның Қазақстанға жасаған мемлекеттік сапары екіжақты стратегиялық серіктестікті нығайтуға зор серпін берді. Бұл жоғары деңгейдегі кездесулер саяси диалогты тереңдетіп, сауда-экономикалық және инвестициялық байланыстарды кеңейтуге жол ашты. Сіздің екі елдің саяси, әлеуметтік, экономикалық қарым-қатынасын нығайтуға қосып жатқан үлесіңіз зор. Кездесу-

де айтқан ұсыныстарыңызды қуана қабыл аламыз. Бірлесіп жұмыс істеуге дайынбыз», – деді Берік Уәли.

Облыс әкімі кездесуден соң мәртебелі қонақты Семейде салынып жатқан жаңа ықшам ауданның жобасымен таныстырды.

Абай облысы әкімінің баспасөз қызметі

МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТ

Мемлекеттік қызметтің әдеп нормалары мен сапасын арттыру мәселелері талқыланды

Жуырда әкімдікте Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Абай облысы бойынша департаментінің басшысы, Әдеп жөніндегі кеңестің төрағасы Руслан Шамелұлы Шәріпов және Абай облысы әкімі аппаратының Әдеп жөніндегі уәкілі Серікжан Нұрланұлы Нариманов жұмыс сапарымен болып, мемлекеттік қызметшілермен кездесу өткізді.



Кездесуге Үржар ауданының әкімі, аудан әкімдігі аппараты мен дербес бөлімдердің басшылары, ауылдық округ әкімдері, аумақтық басқармалар мен өзге де мемлекеттік органдардың қызметкерлері, квазимемлекеттік сектор субъектілерінің басшылары, қоғамдық кеңес мүшелері, комплаенс-офицерлер және бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері қатысты.

Жиынды ашқан аудан әкімі Ақылбек Башимбаев мемлекеттік аппаратты кәсібилендіру мен халыққа сапалы қызмет көрсетудің маңыздылығына тоқталып өтті. Сонымен қатар мемлекеттік қызмет саласында заңнамаларды жетілдіру, мемлекеттік қызмет көрсету сапасын арттыру және мемлекеттік қызметшілердің жауапкершілігін күшейту бағытында жүйелі жұмы-

стар жүргізіліп жатқанын атап өтті. Кездесу барысында Руслан Шамелұлы мемлекеттік қызметшілердің әдеп нормаларын сақтау, мемлекеттік қызмет көрсету сапасын арттыру, азаматтардың өтініштерімен тиімді жұмыс жүргізу және мемлекеттік аппараттың ашықтығын қамтамасыз ету мәселелеріне кеңінен тоқталды. Сондай-ақ мемлекеттік қызмет саласындағы соңғы заңнамалық өзгерістер мен олардың тәжірибелік маңызы түсіндірілді.

Өз кезегінде Серікжан Нұрланұлы мемлекеттік қызметшілердің қызметтік әдебі, сыбайлас жемқорлықтың алдын алу, ұжымдағы моральдық-психологиялық ахуалды қалыптастыру және әдеп жөніндегі уәкілдердің жұмысы туралы баяндады.

Кездесу барысында қатысушылар тарапынан қойылған сұрақтарға нақты жауаптар беріліп, мемлекеттік қызмет саласындағы өзекті мәселелер бойынша пікір алмасу өтті.

Жиын соңында аудан басшысы арнайы іс сапармен келіп, мемлекеттік қызмет саласындағы маңызды мәселелер бойынша жан-жақты түсіндіру жұмыстарын жүргізген қонақтарға алғыс білдірді. Сонымен қатар мемлекеттік қызметшілердің басты міндеті – халыққа адал әрі әділ қызмет ету екені атап өтілді.

Кездесуден кейін азаматтарды жеке қабылдау ұйымдастырылды.

Өз тілшіміз

ҚҰТТЫҚТАУ



Құрметті жерлестер, ардақты ағайын!

31 мамыр - Қазақстанда халқымыздың тарихындағы ең ауыр кезеңдердің бірі – саяси қуғын-сүргін және ашаршылық құрбандарын еске алу күні. Бұл – өткеннің қасіретін ұмытпай, жазықсыз жаппа шеккен азаматтардың рухына тағзым ететін тағылымды күн.

Тарихтың қатал сыны талай отбасының шаңырағын шайқалтып, қаншама зиялы қауым өкілдерінің тағдырын тәлкекке салды. Елінің болашағы үшін еңбек еткен арыстарымыз қуғындалып, жазықсыз жазаға ұшырады. Олардың есімі мен еңбегі халқымыздың жадында мәңгі сақталады.

Бүгінгі бейбіт өмір мен тәуелсіздік – сол боздақтардың аңсаған арманының жемісі. Сондықтан өткен тарихтан сабақ алып, ел бірлігі мен татулығын сақтау – баршамыздың ортақ міндетіміз.

Қадірлі қауым! Қуғын-сүргін құрбандарының рухына тағзым етіп, олардың есімдерін ұрпақ жадында жаңғырту – біздің азаматтық парызымыз. Еліміз аман, жұртымыз тыныш болсын!

Жазықсыз жаппа шеккен боздақтардың рухы алдында бас иеміз.

Құрметті аудан тұрғындары, қымбатты бүлдіршіндер!

Сіздерді 1 маусым – Халықаралық балаларды қорғау күнімен шын жүректен құттықтаймыз!

Балалы үйді базарға теңеген бабалар сөзін санада сақтаған біздің жұртымыз әрқашан өмір бақытын бала бақытынан, қуанышынан тауып, әрдайым перзентінің амандығын тілеп, жетістігіне марқайып отырған. Әрбір ата-ана үшін бұл өмірдің бақыты-сәбилерінің мейірімге бөленіп, риясыз күлгенін, олардың бақытты жүздерін көру. Әрбір баланың бақытты балалық шақ кешіп, сапалы білім мен тәрбие алуы, арман-мақсатына еркін қадам басуы – баршамыздың ортақ міндетіміз.

Бүгінгі ұрпақ – тәуелсіз еліміздің жарқын келешегі.

Сіздерге шаттыққа толы балалық шақ, зор денсаулық, оқуда табыс, биік армандар мен жарқын болашақ тілейміз!

Аудан әкімі, АҚЫЛБЕК БАШИМБАЕВ. Мәслихат төрағасы, АСҚАР ОМАРОВ.

Қоғамдық тыңдаулар

«Шын Жан Жуо анг-Сункар» ЖШС Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексінің талаптарына сәйкес ашық жиналыс түрінде қоғамдық тыңдаулар өткізу туралы хабарлайды.

1. Құжаттаманың атауы:

1) Абай ауданы, Үржар ауданы, Үржар ауылы, Абылай хан даңғылы, № 236 Б мекенжайы бойынша 2026-2035 жылдарға «Шын Жан Жуо анг-Сункар» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің «Май зауыты мен қоймасын салу» үшін қоршаған ортаға әсер ету рұқсатын алу үшін материалдар.

2. Әсер ету аймағы: ҚР, Абай облысы, Үржар ауданы, Үржар ауылы. Координаталары: 1.н. 47°04'02.32 «СЕ 81°39'55.95» ШБ, 2.н. 47°03'57.52 «СЕ 81°40'01.88» ШБ, 3.н. 47°03'55.82 «СЕ 81°39'59.10» ШБ, 4.н. 47°03'53.72 «СЕ 81°40'00.11» ШБ, 5.н. 47°03'52.50 «СЕ 81°39'58.10» ШБ, 6.н. 47°03'57.85 «СЕ 81°39'49.18» ШБ.

3. Өткізілетін орны мен күні: ҚР, Абай облысы, Үржар ауданы, Үржар ауылы, Абылай хан даңғылы, № 236 Б, 2026 жылғы 03 шілде сағат 15:00.

Карантин жағдайында тыңдаулар онлайн режимінде ZOOM платформасында бейнеконференция арқылы өтеді. Бұл жағдайда қоғамдық тыңдауларға қатысу үшін мына сілтеме бойынша өту қажет:

<https://us04web.zoom.us/j/3442845942?pwd=ejJ1UEE0bk00ajNCbnRrVnk1VHhEdz09>

Конференция ID: 344 284 5942, Қол жеткізу коды: 5Z6MdR

4. Жоспарланған іс-әрекеттің бастамашысы: «Шын Жан Жуо анг-Сункар» ЖШС, БСН 240740012873. Мекенжайы: ҚР, Абай облысы, Үржар ауданы, Үржар ауылы, Абылай хан даңғылы, № 236 Б, тел.8 (7222) 36-05-77.

5. Әзірлеуші: «Нур-ЭкоПроект» ЖШС. БСН 121140012876. Мекенжайы: ҚР, Абай облысы, Семей қ., Физкультурная көш., 4в, телефон 8 (701) 607 85 56, ekosad@bk.ru электрондық поштасы.

6. Жобалық құжаттама пакетімен қоршаған орта мен табиғи ресурстардың жай-күйі туралы Ұлттық деректер банкі <https://ndbecology.gov.kz>, сондай-ақ ЖАО «<https://www.gov.kz/memleket/entities/abay-tabigat>» сайтында танысуға болады.

7. Жоспарланған іс-шаралар, қоғамдық тыңдаулар өткізу туралы қосымша ақпаратты, сондай-ақ жоспарланған іс-шараларға қатысты құжаттардың көшірмелерін сұрату үшін мына мекенжайға хабарласуға болады «Қазақстан су жолдары» «Шын Жан Жуо анг-Сункар» ЖШС. Мекенжайы: ҚР, Абай облысы, Үржар ауданы, Үржар ауылы, Абылай хан даңғылы, № 236 Б, тел. 8 (7222) 36-05-77; «Нур-ЭкоПроект» ЖШС. Мекенжайы: ҚР, Абай облысы, Семей қ., Физкультурная көш., 4в, телефон 8 (701) 607 85 56, ekosad@bk.ru электрондық поштасы.

8. Ескертулер мен ұсыныстар қоғамдық тыңдауларға дейін 3 жұмыс күнінен кешіктірмей мына мекенжайлар бойынша қабылданады: Қоршаған орта мен табиғи ресурстардың жай-күйі туралы Ұлттық деректер банкі сайтында <https://ndbecology.gov.kz>, электрондық – urgr@abay@akimatabai.gov.kz; пошта – ҚР, Абай облысы, Семей қ., Тұрлыханов көш., 30.

Телефон 87222 35-44-22.

Общественные слушания

ТОО «Шын Жан Жуо анг-Сункар», в соответствии с требованиями Экологического кодекса РК, уведомляет о проведении общественных слушаний в форме открытого собрания.

1. Наименование документа:

1) Материалы для получения экологического разрешения на воздействие для ТОО «Шын Жан Жуо анг-Сункар» на «Строительство масло завода и склада» по адресу: область Абай, Урджарский район, с. Урджар, проспект Абылай хана, № 236 Б на 2026-2035 гг.

2. Территория воздействия: РК, область Абай, Урджарский район, с. Урджар. Координаты: т.1. 47°04'02.32 «СШ 81°39'55.95» ВД, т.2. 47°03'57.52 «СШ 81°40'01.88» ВД, т.3. 47°03'55.82 «СШ 81°39'59.10» ВД, т.4. 47°03'53.72 «СШ 81°40'00.11» ВД, т.5. 47°03'52.50 «СШ 81°39'58.10» ВД, т.6. 47°03'57.85 «СШ 81°39'49.18» ВД.

3. Место и дата проведения: РК, область Абай, Урджарский район, с. Урджар, проспект Абылай хана, № 236 Б, 03 июля 2026 года в 15.00. В случае введения карантина слушания будут проведены в режиме онлайн посредством видеоконференции на платформе ZOOM. В таком случае для участия в общественных слушаниях необходимо пройти по ссылке:

<https://us04web.zoom.us/j/3442845942?pwd=ejJ1UEE0bk00ajNCbnRrVnk1VHhEdz09>

Идентификатор конференции: 344 284 5942, Код доступа: 5Z6MdR

4. Инициатор намечаемой деятельности: ТОО «Шын Жан Жуо анг-Сункар», БИН 240740012873. Адрес: РК, область Абай, Урджарский район, с. Урджар, проспект Абылай хана, № 236 Б, тел.8 (7232) 36-05-77.

5. Разработчик: ТОО «Нур-ЭкоПроект». БИН 121140012876. Адрес: РК, г. Семей, ул.Физкультурная, 4В, тел. +7 701 607 85 56, email: ekosad@bk.ru.

6. С пакетом проектной документации можно ознакомиться на сайте Национального банка данных о состоянии окружающей среды и природных ресурсов <https://ndbecology.gov.kz>, а также сайте МИО «<https://www.gov.kz/memleket/entities/abay-tabigat>».

7. Дополнительную информацию о намечаемой деятельности, проведении общественных слушаний, а также запросить копии документов, относящихся к намечаемой деятельности можно по адресам: ТОО «Шын Жан Жуо анг-Сункар». Адрес: РК, область Абай, Урджарский район, с. Урджар, проспект Абылай хана, № 236 Б, тел.8 (7222) 36-05-77; ТОО «Нур-ЭкоПроект». Адрес: РК, г.Семей, ул.Физкультурная, 4В, тел. +7 701 607 85 56, email: ekosad@bk.ru.

8. Замечания и предложения принимаются не позднее 3-х рабочих дней до проведения общественных слушаний по адресам: на сайте Национального банка данных о состоянии окружающей среды и природных ресурсов <https://ndbecology.gov.kz>; электронный адрес – urgr@abay@akimatabai.gov.kz; почтовый – РК, область Абай, г.Семей, ул. Турлыханова, 30. Телефон 87222 35-44-22.

ЗЕЙНЕТАҚЫ

Отандастарымыздың зейнетақы жинақтары 12 айда 17,9 пайыз ұлғайды

Қазақстандықтардың зейнетақы жинақтарының көлемі 2026 жылдың 1 сәуіріне 26,82 трлн. теңгеден асты. 12 айдағы өсім 4,08 трлн. теңгеге немесе 17,9 пайызға өсті.

2026 жылдың 1 сәуірінде міндетті зейнетақы жарналары (МЗЖ) есебінен қалыптасқан зейнетақы жинақтарының көлемі 25,12 трлн. теңге. Бір жылдағы өсім 3,25 трлн. теңге (14,8 пайыз).

Міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары (МКЗЖ) бойынша зейнетақы жинақтары – 741,14 млрд. теңге, 12 айдағы өсім – 13,4 пайыз.

Бір жыл ішіндегі ең үлкен өсім – 23,1 пайыз ерікті зейнетақы жарналары (ЕЗЖ) бойынша жинақтар көрсетті, 2026 жылдың 1 сәуіріне олардың көлемі – 10,09 млрд. теңге.

Салымшылардың (алушылардың) зейнетақы шоттарына 2024 жылғы 1 қаңтардан түсе бастаған жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналары (ЖМЗЖ) да ұлғаяды. Былтырғы жылдың ұқсас кезеңімен салыстырғанда 2,9 есеге ұлғайып, 2026 жылдың 1 сәуіріне 950,57 млрд. теңге болды.

Түсімдер

Зейнетақы жинақтарының көлемі зейнетақы жарналары мен инвестициялық кіріс түріндегі кіріс ағындары есебінен ұлғаяды. 2026 жылдың алғашқы үш айында салымшылардың жеке және шартты зейнетақы шоттарына 869,33 млрд. теңге түсті, өткен жылдың сәйкес кезеңіндегі көрсеткіштен 14,1 пайызға (немесе 107,12 млрд. теңгеге) артық.

МЗЖ есебі жүргізілетін жеке зейнетақы шоттарына (ЖЗШ) 2026 жылдың басынан бастап 2026 жылғы

1 сәуірге дейін 673,45 млрд. теңге (өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда МЗЖ көлемі 6,7 пайызға ұлғайды), МКЗЖ – 38,77 млрд. теңге (өсім – 9,8 пайыз), ЕЗЖ – 499,00 млн. теңге түсті. 12 айдағы ЖМЗЖ есебінен жарналар 156,61 млрд. теңгені құрады.

Жыл басынан бері салымшылардың шоттарына зейнетақы активтерін Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі (ҚРҰБ) және инвестициялық портфельді басқарушылардың (ИПБ) сенімгерлік басқаруы есебінен түскен таза инвестициялық кіріс 296,55 млрд. теңгеден асты.

Төлемдер мен аударымдар

2026 жылғы қаңтар-наурыз айларында БЖЗҚ-дан жарналардың барлық түрлері бойынша жасалған төлемдер мен сақтандыру ұйымдарына аударымдар 360,02 млрд. теңгені құрады.

Зейнет жасына толуына байланысты төлемдер 68,63 млрд. теңгеге жетті. БЖЗҚ-дан зейнет жасына толуына байланысты кесте бойынша берілетін орташа айлық төлем – 35 596 теңге.

2026 жылдың басынан бері тұрғын үй жағдайларын жақсартуға және емделуге арналған біржолғы зейнетақы төлемдері (БЗТ) 135,24 млрд. теңге, мұрагерлік бойынша 33,05 млрд. теңге, ҚР-дан тыс жерге тұрақты тұруға кетуге байланысты 9,86 млрд. теңге, мүгедектігі бар адамдарға – 933,26 млн.



теңге, жерлеуге – 2,37 млрд. теңге көлемінде төлем жасалды. Сақтандыру ұйымдарына 109,94 млрд. теңге аударылды.

ЖЗШ саны

2026 жылдың 1 сәуіріндегі жағдай бойынша БЖЗҚ-дағы зейнетақы шоттарының жалпы саны – 18,53 млн. бірлік (12 айдағы өсім – 1,08 млн. бірлік немесе 6,2 пайыз). Бұл ретте салымшылардың (алушылардың) БЖЗҚ-дағы ЖЗШ саны 2026 жылдың 1 сәуіріне 12,76 млн. бірлік болды. Оның ішінде: 11,32 млн. - МЗЖ бойынша, 774,40 мыңы - МКЗЖ бойынша, 473,07 мыңы - ЕЗЖ есептелетін шоттар. Айта кетейік, МЗЖ есебі жүргізілетін шоттардың жалпы санына (11,32 млн. бірлік) елден тысқары жерлерге тұрақты тұруға кеткен, бірақ жинақтарын алу үшін жүгінбеген алушылардың, мұрагерлері зейнетақы жинақтарын мұраға ресім-

демеген қайтыс болған салымшылардың, 2016 жылдан бастап зейнетақымен мемлекеттік қамсыздандырылуға толық ауыстырылған әскери қызметшілердің және шоттарына Қазақстан заңнамасына сәйкес жарналар түспеуі тиіс салымшылардың (алушылардың) басқа да санаттарының шоттары кіреді.

БЖЗҚ-дағы ЖМЗЖ туралы мәліметтер ескерілетін шартты зейнетақы шоттарының саны - 5,76 млн. бірлік.

Зейнетақы активтеріне қатысты барлық өзекті ақпарат enrf.kz сайтындағы «Статистика және аналитика» бөлімінде орналастырылған.

«БЖЗҚ» АҚ баспасөз орталығы